

ҒТАХА 03.20.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540105>

**Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы<sup>1</sup>**

ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, [tuyakbai.rysbekov@mail.ru](mailto:tuyakbai.rysbekov@mail.ru),  
ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

**Бекмаганбетов Марат Бақытжанұлы<sup>\*2</sup>**

Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан,  
[bakytzhanuly.marat@gmail.com](mailto:bakytzhanuly.marat@gmail.com), ORCID ID: 0009-0007-8524-3384

## **XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ: КҮРДЕЛЕНУІ ЖӘНЕ САЯСИ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада XX ғасырдың басында қазақ даласында орын алған жер мәселесінің тарихи және саяси маңызы кең ауқымда талданады. Ресей империясының отарлық аграрлық саясаты қазақтардың дәстүрлі жер иелену және көші-қон жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп, ауыл шаруашылығындағы теңгерімнің бұзылуына, әлеуметтік шиеленістер мен жерге қатысты даулардың күрт өсуіне себеп болды. Мақалада бұл мәселенің ресми түрде көтерілу барысы мен қазақ зиялыларының ұстанымдары нақты мұрағаттық деректер мен баспасөз материалдары арқылы сараланады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді зиялылардың аграрлық реформаға байланысты ұсыныстары мен саяси қызметі арқылы қазақ халқының жерге қатысты құқығын қорғау жолындағы күресі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде қазақ жер мәселесінің қоғамдық-саяси кеңістікте қалай көрініс тапқаны және қазіргі Қазақстандағы жер саясатына тарихи алғышарт ретінде ықпал еткені көрсетіледі. Сонымен қатар мақалада отарлық әкімшілік тарапынан жүргізілген жерге орналастыру шараларының салдарына талдау жасалып, бұл үрдістің қазақ ауылдарының әлеуметтік құрылымына, көшпелі шаруашылықтың күйреуіне және табиғи ортаға тигізген әсері де көрсетіледі. Зерттеу барысында қазақ қоғамында қалыптасқан жер қатынастарының құқықтық тұрғыда өзгеріске ұшырауы, жердің «мемлекеттік меншікке» айналуы және бұл үрдістің халық санасындағы отарлық қысымды күшейткендігі айқындалады. Автор қазақ жер мәселесінің этноәлеуметтік салдарына, соның ішінде отарлық езгіге қарсы ұлттық сана-сезімнің оянуына және саяси белсенділіктің артуына ықпал еткенін де жан-жақты баяндайды. Мақала қазіргі тарихи-публицистикалық зерттеулер тұрғысынан бағалы тың деректерге сүйене отырып, XX ғасырдың басындағы жер дауының түпкі себептері мен салдарын ғылыми негізде ашады.

*Кілт сөздер.* Жер мәселесі, Мемлекеттік Дума, қазақ зиялылары, отарлық саясат, аграрлық реформа.

**Рысбеков Тұяқбай Зейтович<sup>1</sup>**

Почетный академик НАН РК, д.и.н., профессор, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан, [tuyakbai.rysbekov@mail.ru](mailto:tuyakbai.rysbekov@mail.ru),  
ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

**Бекмаганбетов Марат Бақытжанович<sup>\*2</sup>**

Магистрант, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, [bakytzhanuly.marat@gmail.com](mailto:bakytzhanuly.marat@gmail.com), ORCID ID: 0009-0007-8524-3384

## ЗЕМЕЛЬНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ЕГО УСЛОЖНЕНИЕ И ПОЛИТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается историческое и политическое значение земельного вопроса в Казахской степи в начале XX века. Особое внимание уделяется вмешательству царской аграрной политики в традиционную систему землепользования казахов и последующим социальным последствиям. Центральной темой является деятельность казахской интеллигенции – Алихана Бокейхана, Ахмета Байтурсынова и Миржакыпа Дулатова, которые активно поднимали земельный вопрос на государственном уровне. В статье анализируются их выступления, предложения и попытки защитить интересы казахского народа. Также рассматриваются материалы казахской и российской прессы того времени, освещающие общественное восприятие данной проблемы. Подчеркивается, что обсуждение земельного вопроса в Думе стало важным этапом в развитии политического самосознания казахского общества. Материал опирается на архивные документы, стенограммы заседаний и мемуары участников. Кроме того, в статье проводится анализ последствий земельных мероприятий, осуществлённых колониальной администрацией, включая влияние на социальную структуру казахских аулов, разрушение кочевого хозяйства и изменение природной среды. Рассматриваются правовые изменения в земельных отношениях, в частности переход земель в статус «государственной собственности», что усилило восприятие колониального давления в сознании народа. Автор уделяет особое внимание этносоциальным последствиям земельной политики, включая рост национального самосознания и политической активности казахского общества как формы сопротивления колониализму. Статья, опираясь на редкие архивные материалы и публицистические источники, раскрывает коренные причины и долговременные последствия земельного конфликта начала XX века, рассматривая его как ключевой фактор в трансформации аграрной системы и исторической памяти народа.

**Ключевые слова.** Земельный вопрос, Государственная Дума, казахская интеллигенция, колониальная политика, аграрная реформа

### **Rysbekov Tuyakbay Zeitovich<sup>1</sup>**

Honorary academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of historical sciences, professor, West Kazakhstan University named after M.

Utemisov, Uralsk, Kazakhstan, [tuyakbai.rysbekov@mail.ru](mailto:tuyakbai.rysbekov@mail.ru),

ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

### **Bekmaganbetov Marat Bakytzhanovich<sup>\*2</sup>**

Master's student, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan,

[bakytzhanuly.marat@gmail.com](mailto:bakytzhanuly.marat@gmail.com), ORCID ID: 0009-0007-8524-3384

## THE LAND ISSUE IN THE KAZAKH STEPPE IN THE EARLY 20TH CENTURY: ITS COMPLICATIONS AND POLITICAL ASPECTS

**Abstract.** This article provides an in-depth analysis of the land issue in the Kazakh steppe during the early 20th century and its significant political and historical implications. It focuses on the disruption of the traditional Kazakh land use system by the Russian Empire's colonial agrarian policy, which led to widespread social discontent. A major part of the study is devoted to the role of Kazakh intellectuals—Alikhan Bokeikhanov, Akhmet Baitursynov, and Mirzhakyp

Dulatov—who actively raised the land issue in the State Duma. The article explores their speeches, legislative proposals, and their efforts to defend the rights of the Kazakh people. It also highlights how this issue gained public resonance through contemporary newspapers and political debates. The article draws from archival materials, Duma records, and memoirs to illustrate how these events contributed to the political awakening of Kazakh society and laid the groundwork for future land policy discussions in independent Kazakhstan. In addition, the article analyzes the consequences of land redistribution policies implemented by the colonial administration, which profoundly affected the social structure of Kazakh villages, led to the collapse of the nomadic economy, and altered the natural landscape. Legal transformations in land relations – particularly the designation of lands as "state property" – are examined as mechanisms that intensified the perception of colonial oppression. The author also highlights the ethno-social implications of these policies, such as the rise of national consciousness and increased political activism among Kazakhs in response to imperial encroachment. Drawing on rare archival sources and publicistic materials, the article sheds light on the root causes and long-term effects of the early 20th-century land crisis, positioning it as a foundational moment in the transformation of Kazakhstan's agrarian system and collective historical memory.

**Key words.** Land issue, State Duma, Kazakh intelligentsia, colonial policy, agrarian reform.

**Кіріспе.** XX ғасырдың басында Ресей қоғамында саяси реформаларға деген сұраныс арта түсті. Халықтың наразылығы, әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауы Мемлекеттік Думаның құрылуына түрткі болды. Бұл тарихи қажеттілік біртіндеп пісіп-жетіліп, 1905 жылғы Бірінші орыс революциясынан кейін ғана заңды түрде жүзеге аса бастады.

Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы жер мәселесі отандық тарихнамада елеулі орын алады. Бұл мәселеге қатысты еңбектердің ішінде М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты монографиясы ерекше мәнге ие. Ғалым еңбегінде қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайын жан-жақты талдап, жер дауының ұлт тағдырындағы шешуші рөлін көрсетеді. Автор Дума мінберінен қазақ депутаттарының жер мәселесін батыл көтергенін, олардың отаршылдық саясатқа қарсы нақты ұсыныстар жасағанын айқындайды. Қойгелдиевтің зерттеуінде жер мәселесінің қазақ зиялылары қызметіндегі басты бағыттардың бірі болғаны, Алаш қозғалысының саяси бағдарламасында айрықша орын алғаны нақты деректер арқылы дәлелденеді. Тарихшы, ғалым Ө.Озғанбайдың 2006 жылы жарыққа шыққан «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» атты еңбегінің толықтырылған үшінші басылымында Мемлекеттік Думадағы қазақ елінің мүдделерін қорғаған біртуар азаматардың есімдері мен олардың саяси қызметі танылды. Ғалымның осы тақырыпта қорғаған докторлық диссертациясы бұл еңбектің алғашқы бөлігі боп табылады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында жер мәселесі аса өткір сипат алды. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты нәтижесінде қазақ халқы ата қонысынан ығыстырылып, құнарлы жерлерінен айырылды. Әсіресе, 1890–1910 жылдары қоныс аударушылар үшін арнайы қазыналық қорлар құрылып, қазақтарға көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылыққа ғана жететін «жер нормасы» белгіленді. Бұл қазақ қоғамын әлеуметтік-экономикалық тығырыққа тіреді.

Аталған мәселені қазақ зиялылары әртүрлі деңгейде көтеріп отырды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жер саясаты кеңінен талқыланып, түрлі көзқарастар қалыптасты. Мәселен, Ө. Бөкейхан өз мақалаларында патша үкіметінің қоныстандыру

саясатының отаршыл сипатын ашып көрсетсе, А. Байтұрсынов қазақ жерін сақтау, халықтың шаруашылық тұрмысын қорғау мәселесін көтерді. Бұл басылымдардағы пікірталастар қазақ қоғамының саяси санасының өсуін көрсетіп, зиялылардың біртіндеп ортақ ұлттық мүдде төңірегінде топтасуына ықпал етті.

Қазақ зиялылары жер мәселесін Мемлекеттік Думада да белсенді түрде көтерді. Думаның түрлі шақырылымдарына сайланған қазақ депутаттары патша өкіметінің отаршыл реформаларының зардаптарын әшкерелеуге тырысты. Әсіресе, Бақытжан Қаратаев қазақ халқының жерден айырылу қаупін ашық айтып, қоныс аударушыларға қазақтың ең шұрайлы жерлерінің берілуіне қарсы шықты. Сонымен қатар басқа да депутаттар жерге байланысты әділетсіздіктерді нақты деректер арқылы дәлелдеп, қазақ халқының жерге деген тарихи құқығын қорғады.

Жаңа басқару жүйесінің пайда болуы мен ескі тәртіп арасындағы қарама-қайшылықтың басты түйіні – осы жер мәселесі еді. Патша үкіметі қарапайым халықтың мүддесін ескеруге қабілетсіз болды. Нәтижесінде, билік пен халық арасында өзара түсіністік пен мәмілеге келу мүмкін болмады. Бұл жағдай Мемлекеттік Думаның ұзақ өмір сүре алмауына, ал реформалардың жүзеге асуына елеулі кедергілердің туындауына себеп болды. ХХ ғасырдың басында Ресейде жаңа тарихи кезеңнің басталғаны айқын сезілді, әсіресе саяси салада түбегейлі өзгерістер орын ала бастады. Қоғамда белең алған революциялық қозғалыстар мен халық наразылығын бәсеңдету, ел ішіндегі қарсылықты басқа бағытқа бұру мақсатында патша билігі жаңа саяси амал-тәсілдерге жүгінді. Мәселен, 1905 жылғы "Қанды жексенбіден" кейін патша үкіметі елде демократиялық еркіндікті кеңейтуге, халықтың пікіріне құлақ асуға, азаматтарға өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік беруге талпыныс жасай бастады. Осылайша, Ресейде Мемлекеттік Думаның – парламенттік органның шақырылатыны жария етілді. Бұл саяси жаңалықтар патшаға бағынышты аймақтардың бәріне, соның ішінде қазақ даласына да жетті. Осы тұста Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары саяси өмірге белсенді араласып, ұлттық мүддені қорғау жолында қадам жасай бастады. Алайда олардың қоғамдық қызметі бұдан ертерек басталған еді. Әсіресе, ағартушылық бағыттағы еңбектері мен баспасөз, кітап шығару саласындағы әрекеттері айрықша назар аудартады.

Сонымен қатар, 1905 жыл жалпы Ресей империясы үшін ғана емес, қазақ қоғамының да саяси тарихындағы жаңа белес болды. Бұл жөнінде Әлихан Бөкейханов депутат сайлауларына қатысты жазған естелігінде: «1905 жыл – қазақ зиялылары мен саяси тобы үшін жаңа дәуірдің бастауы болды» [1, 25] деп атап көрсетеді. Сол жылы жазғы жайлауларға көшкен халықпен бірге елдің әр түкпірінде патшаға арыз-тілек жолдау үрдісі басталды. Осы жағдайды Ә.Бөкейханов «1905 жылдың жазы – арыз-тілек жазу, петиция жасау кезеңі болды» [1, 36] деп сипаттайды. Жетісу, Солтүстік, Орталық, Шығыс және Батыс Қазақстан өңірлерінде орналасқан жайлаулар мен жәрменкелерде қазақ зиялылары халықтың мұң-мұқтажын жеткізу мақсатында үкіметке хат жолдап, өз үндерін білдіріп отырды. Бұл петицияларда қазақ қоғамының ортақ мәселелері көтерілді. Ең басты әрі өзекті мәселе ретінде – жер дауы, жер тапшылығы алдыңғы қатарда айтылды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамы үшін ең күрделі әрі өмірлік маңызы зор мәселе – жер мәселесі болды. Патшалық Ресейдің қоныс аудару саясаты қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығына нұқсан келтіріп, халықты әлеуметтік-экономикалық күйзеліске ұшыратты. Қазақ даласындағы шұрайлы жерлердің қазыналық қор есебінде тартып алынып, қоныс аударушыларға берілуі жерді сақтап қалу мен оны қорғау мәселесін қазақ зиялылары үшін ұлттық деңгейдегі міндетке айналдырды.

Тақырыптың өзектілігі жер мәселесінің күн тәртібіне қойылуының тарихи қажеттілігінен туындайды. Қазақ халқының атакөнегінен сақтап қалу, жерге деген тарихи құқығын қорғау, қазақ зиялыларының Думаға сайлануы мен онда жер мәселесін көтеруі

– ұлт мүддесін қорғаудың жаңа саяси формасы болды. Бұл қазақ қоғамының саяси санасының өсуін, ұлттық зиялылардың ұлттың тағдырын шешуге белсене араласқанын көрсетті. Бүгінгі күні бұл тақырыпты зерттеу – қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамырларын, ұлттық саяси ойдың қалыптасуын түсіну үшін аса маңызды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу барысында тарихи-деректік, салыстырмалы-талдамалық және сипаттамалық әдістер қолданылды. Тақырыпқа қатысты мұрағаттық құжаттар, сол кезеңдегі баспасөз материалдары, мемлекеттік Дума отырыстарының стенограммалары, қазақ зиялыларының естеліктері мен жазбалары негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси ахуалды бейнелейтін тарихи еңбектер мен ғылыми зерттеулерге талдау жасалды. Жинақталған материалдар жүйеленіп, тақырыптың мазмұны мен маңызы ашыла түсті. Тарихи оқиғаларды кеңістіктік және хронологиялық тұрғыда қарастыру арқылы мәселенің даму динамикасы айқындалды. Зерттеу процесінде автор тарихи фактілер мен тұжырымдарды тұтастандырып, қазақ қоғамындағы жер мәселесінің Мемлекеттік Дума деңгейінде көтерілуінің себептері мен салдарын кешенді түрде ашып көрсетуге ұмтылды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының қоғамдық-саяси өмірінде аграрлық мәселе аса маңызды орын алды. Бұл мәселенің шешімсіз қалуы империя аумағындағы халықтардың үнемі наразылығына себеп болды. Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революциялық қозғалыстар мен 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерінің негізгі себептерінің бірі де дәл осы аграрлық мәселеге келіп тіреледі.

Осы тұрғыдан алғанда, Мемлекеттік Дума Қазақстандағы жерге байланысты шаруа мәселелерімен де айналысқанын атап өткен жөн. Мәселен, II Мемлекеттік Думада сөз сөйлеген қазақ депутаты Бақытжан Қаратаев өз мәлімдемесінде бұл мәселені ашық көтерді. Ол: «Қырғыз-қайсақ халқы атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ. Біздің мемлекетіміз шиеленіскен аграрлық мәселені шаруаларды Дала облыстарына, нақты айтқанда: Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу өңірлеріне қоныс аудару арқылы шешуге тырысып отыр», – деп атап көрсетті. Өз сөзінде ол патша үкіметінің көші-қон саясатының салдарынан Қазақстанның солтүстік өңірлерінде туындаған геосаяси жағдайды жан-жақты талдап, осы үдерістің заңдылығы мен негізсіздігін ашып көрсетті. Атап айтқанда, «қоныс аудару барысында бұл аумақтарда бос жердің бар-жоғы жергілікті халықпен келісілмеді, табиғи, шаруашылық, статистикалық, топырақтық және климаттық жағдайлар толық зерттелмеген. Сондықтан бұл – күшпен жасалған әрекет» деп бағалады [2].

XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы жер мәселесінің саяси аспектілері Ресей империясының отарлық саясатының күшеюімен тікелей байланысты болды. Мемлекет қазақтардың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін әлсіретіп, қоныс аударушы шаруаларды жаппай орналастыру үшін миллиондаған десятина жерді тартып алды. Бұл саясат жерді құқықтық жағынан «мемлекеттік меншік» деп жариялау арқылы жүзеге асырылды, нәтижесінде қазақ халқы саяси құқықтарынан айырылып, өз жерінде «уақытша пайдаланушы» мәртебесіне түсті. Қоныстандыру басқармалары, уездік және облыстық әкімшіліктер жерді бөлу ісін толығымен бақылап, қазақтардың мүддесін елемей шешім қабылдады. Осылайша жер мәселесі отарлық биліктің негізгі саяси құралына айналып, қазақ қоғамында наразылықтың өсуіне, ұлт-азаттық қозғалыстардың күшеюіне және Алаш қозғалысының қалыптасуына тікелей әсер етті.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы жер мәселесінің Мемлекеттік Думада көтерілуі отарлық саясатқа қарсы саяси күрестің маңызды кезеңіне айналды. 1906–1912 жылдары жұмыс істеген I, II және III Мемлекеттік Думаларда қазақ депутаттары–Әлихан

Бөкейхан, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев және басқалар–қоныс аудару саясатының әділетсіздігін ашық сынға алып, қазақ жерінің заңсыз тартып алынуын тоқтатуды талап етті. Олар қазақ халқының жерсіз қалуының мемлекеттік саясаттың нәтижесі екенін дәлелдеп, қоныстандыру басқармасының жұмысын қайта қарауды, жерді қазақ руларына қауымдық меншік ретінде қайтаруды ұсынды. Думаның мінберінде қазақ депутаттары жерді «артық» деп есептеп, оны мұжық қоныс аударушыларға беру саясатының экономикалық та, құқықтық та негізсіз екенін атап өтті. Осы мәселенің ашық түрде талқылануы империядағы отарлық басқару жүйесінің кемшіліктерін жария етіп, қазақ саяси элитасының ұйымдасқан түрде өз мүддесін қорғауға ұмтылғанын көрсетті. Дегенмен Дума шешім қабылдайтын билікке ие болмағандықтан, қазақ жерін қорғау талабы толық жүзеге аспады, бірақ бұл қозғалыс Алаш партиясы мен жалпы ұлттық саяси күрестің қалыптасуына қуатты серпін берді.

XX ғасырдың басындағы жер мәселесі Алаш қозғалысының қалыптасуына басты тарихи себептердің бірі болды. Қазақ халқының отарлық саясат нәтижесінде жерінен айырылуы, қоныс аударушылардың жаппай қоныстандырылуы, жайылымдардың тарылуы – бәрі ұлттық зиялыларды саяси күреске шығуға итермеледі. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов бастаған қайраткерлер жер мәселесін шешпейінше қазақтың мемлекеттік болашағы жоқ екенін терең түсінді. Сол себепті Алаш идеясының өзегі – жерді халыққа қайтару, оның үстінен еркін пайдалану құқығын қалпына келтіру болды.

Жер дағдарысы қазақ зиялыларын Мемлекеттік Дума сайлауына белсенді қатысуға ынталандырды. Дума мінбері арқылы олар қоныс аудару саясатының зардаптарын ашық айтып, жерді «артық» деп бағалау саясатының заңсыз екенін дәлелдеуге тырысты. Әлихан Бөкейхан, Бақытжан Қаратаев сияқты депутаттар қазақ жерінің отарлық жүйе арқылы тартып алынуына қарсы нақты саяси талаптар қойды. Сайлауларға қатысу – қазақтардың алғаш рет ұлттық деңгейде саяси күш ретінде танылуына жол ашты.

Сонымен бірге жер мәселесі қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына да үлкен серпін берді. «Қазақ», «Айқап», «Серке» газеттері мен журналдары осы мәселені кең талқылап, халықтың саяси санасын оятты. «Қазақ» газетінде Алаш қайраткерлері жердің меншік формасы, оны пайдалану, қазаққа қауымдық жер жүйесін қалпына келтіру, қоныстандыру саясатының зардаптары туралы көптеген мақалалар жариялады. Баспасөз қазақ қоғамында саяси пікірталас мәдениетін қалыптастырып, жер мәселесін ұлттық деңгейдегі негізгі саяси бағдарламаға айналдырды.

Аграрлық реформалар жүргізу барысында қабылданған жерге қатысты құқықтық нормалар негізінен отаршыл халықтың мүддесіне сай құрылып, қазақтарды шұрайлы, құнарлы аймақтардан ығыстыруға бағытталды. 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалар қазақ жерін мемлекеттің меншігі деп жариялап, байырғы халыққа тек жерді уақытша пайдалану құқығын ғана берді. Бұл ресми шешім жергілікті тұрғындарды өз ата-қоныстарынан біржола айыруға заңдық негіз қалыптастырды. Атап айтқанда, "Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ереженің" 210-бабында қазақ көшпелілері иеленіп отырған барлық жерлер мемлекеттік меншік ретінде бекітілетіні және бұл аумақтардың оларға тек қоғамдық пайдалану үшін уақытша берілетіні нақты көрсетілді.

Бұл саясат империялық үкіметтің аграрлық бағыттағы кешенді бағдарламасының бір бөлігі ретінде жүзеге асты. Бағдарлама шеңберінде орталық аудандардан шаруаларды шығыс өңірлерге қоныс аудару, оларға салықтық жеңілдіктер беру және банктер арқылы қосымша жер үлесін алуға жағдай жасау қарастырылды. Алайда, қазақ даласындағы дәстүрлі қауымдық жер пайдалану жүйесі империя жүргізуге тырысқан аграрлық қатынастар реформасына айтарлықтай тосқауыл болды. Мұндай жағдайда мәселенің

шешімі ретінде патшалық билік ауқымды көші-қон қозғалысын жеделдетіп, жаңа келімсектерді орналастыру үшін нақты жер телімдерін анықтау шараларын қолға алды.

XIX ғасырдың 1880-жылдарының соңына қарай қоныс аудару үдерісін жүйелі жүргізуге бағытталған арнайы мекемелер мен құрылымдар пайда болды. Бұл органдардың басты мақсаты – орталық Ресейден көшіп келетін шаруалар үшін қазақтардың иелігіндегі жерлерді күштеп тартып алу болатын. Мұндай саясаттың нәтижесінде 1917 жылға дейінгі аралықта Дала өлкесі, Бөкей Ордасы және Маңғыстау приставтығы аумағында қазақтардан жалпы 40 миллион десятина жер тартып алынды. Оның ішінде казак әскерлеріне (Орал, Сібір, Орынбор) – 18,1 млн десятина, қоныс аударушыларға арналған учаскелер үшін – 16 млн, орман саяжайлары мен қазыналық мақсаттарға – 5,9 млн, қалалар мен темір жол құрылымдары үшін – 0,42 млн десятина жер бөлінді.

Жетісу өңірінде ғана 4 миллионнан астам десятина жер иеліктен шығарылды. Атап айтқанда, оның 0,7 миллионы казактар мен қалаларға, 0,2 миллионы күзетші селоларға, 0,7 миллионы тығыз қоныстанған аудандарға, 0,55 миллионы бос жатқан учаскелерге, ал 0,47 миллионы қазыналық-оброктық мақсаттарға берілді. Жалпы алғанда, 1917 жылға дейін бүкіл Қазақстан бойынша шамамен 45 миллион десятина жер күштеп тартып алынып, бұл елдің ең шұрайлы, егіншілікке және мал шаруашылығына қолайлы аумақтарын қамтыды. Бұл көрсеткіш бүкіл өңірлік жер қорының шамамен 25 пайызына жуықтады. Осылайша, аграрлық саясат қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық тіршілігіне орны толмас зиян келтірді және отарлық жүйенің шынайы ауқымын айқындады [2, 6].

Сөйтіп, қазақтар шөлейт және жартылай шөлейт, сортаң жерлерге қарай тықсырылды. Жермен бірге барлық су көздері де алынып қойды, мұның өзі сайып келгенде дәстүрлі ша- руашылық жүйесін ауыр жағдайда қалдырды.

XX ғасырдың бас кезінде казак халқы күрделі өзгерістерге ұшырады. Бұрынғы шаруа- шылық жүргізу тәртібі келмеске кетіп, оның орнына көшпелі, жартылай көшпелі және ша- руашылық жүргізудің мал өсіруге бейімделген отырықшылық түрі дами бастады. Әсіресе мұнда экстенсивті жартылай көшпелі мал шаруашылығы кең өріс алды. Мұның басты сипаттары - малды жайылымда және жартылай қорада ұстап бағу, егіншілікпен, шөп шабу- мен айналысу, қыстыгүні малды бір жерде отырып бағу және қысқы жайылымдардың да бо- луы еді. Сонымен бірге бірте-бірте тауарлық сипат ала бастаған егіншілік негізі кеңейе түсті. Бұл реттегі егіншілік әрқашанда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып отырды. Осы жағдайдағы ең өткір де, ең күрделі мәселе - жер иелену мен жерді пайдалану мәселесі болды. Шаруашылықты өрістетудің мейлінше эволю- циялық нысандарын іске асыруға жердің жаппай күшпен тартып алынуы өлшеусіз нұқсан келтірді. Мұның ақыры кейде баяу, кейде белсенді түрде етек алған аграрлық толқуларға соқтырып отырды.

Отар ретінде Қазақстан бұл кезде империяның бастырмалатқан ресми идеологиясы- ның әсеріне душар болды. Мұнда жаппай орыстандыру саясаты жүргізілді. Соған байланысты шаруашылық пен әлеуметтік уклад нысандары өзгеріске түскен казак халқы рухани бас- тауларын өздері білдірудің жолдарын табуға ұмтылды. Мұның өзі империяның мәдени орталықтарында байсалды білім алу, білім беру саласында беріле жұмыс істеу, Ресей бас- пасөзінің беттерінде ғылыми және публицистикалық шығармалар бастырып шығару мен жариялау, өлкетану жұмыстарына араласу, жалпыресейлік саяси қозғалыстарға қатысу және т.б. арқылы жүзеге асты. Мейлінше табанды және зерделі тұлғалар бірте-бірте Ресей зиялы- ларының санаткерлік мүдделері аясына тартыла түсті. Еуропалық білім алған және саны жағынан өте-мөте аз казак зиялылары негізінен әкімшілік мекемелерінде, халыққа білім берудің төменгі

салаларында жұмыс істеп, екінші дәрежелі лауазымдармен әр түрлі ведомстваларда қызмет етті. Мұның өзі "бұратана" халықтар, оның ішінде санаткерлік еңбек саласында әр түрлі қысымға ұшырап жатқан да, сол тұстағы жағдайға тән сипаттар еді. Сөйтіп, қоғамның дәл осы әлеуметтік тобы қазақ халқының саяси көзқарастарын жеткізуші және оның жаршысы болды. Бұл кезеңде олар еуропалық саяси ойды енді ғана қабылдай бастаған болатын. Олардың сан жағынан аздығы мен тәжірибесіздігі ХХ ғасыр басында өздерін кеңінен көрсетуге мүмкіндік бермеді, бұл тек Қазан төңкерісі қарсаңында жүзеге асты. Бірінші шақырылған Мемлекеттік Думада қазақтар шағын ғана топ болды және олар империяның 1-парламентінің жұмысында қазақ халқының мүддесін қорғауға ұмтылғанымен, сол кездегі саяси жағдай оларды ондай мүмкіндіктен айырған еді. Бұл кезеңдегі Қазақ халқының мүддесін білдірушілер қатарында, негізінен Қазақстанмен көршілес қоныстанған аудандардың кейбір депутаттары, сондай-ақ, Қазақстанда тұратын орыс халқының жекелеген өкілдері де кездесті [3, 61-63].

Ресей империясындағы аграрлық қатынасқа көзқарас туралы сол кездегі Ресейдің барлық саяси партиялары мен қозғалыстарының назарында болды. ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ресейдегі жалпы саяси өрлеумен дағдарысты жағдаяттар кейбір тұста көзқарастар мен пікірлерге мүлде ымырасыз қараған әр түрлі күштерді саяси аренаға шығарды. Олар бел-гілі бір дәрежеде Қазақстанға да ықпалын тигізді. 17-қазанда Манифест пен Мемлекеттік Думаға сайлау туралы заңның жариялануы Қазақ зияларының қызметін де жандандыра түсті. Нәтижесінде қазақтардан Мемлекеттік Думаға: Торғай облысынан А.Бірімжанов, Орал облысынан А.Қалменұлы, Семей облысынан Ә.Бөкейхан, Бөкей ордасынан Б.Құлман депутат болып сайланды. Ақмола облысынан сайланған Ш.Қосшығұлұлы орыс тілін білмейтіндігінен оны облыстық комиссия Думаға жібермеді. Бұл, әрине, жергілікті халықтың жай-күйімен санаспай адамзат құқын аяқтасты ететін факторлардың бірі болатын [4, 34-35].

І-ші Мемлекеттік Думада қазақ халқының танымал жетекшісі Ә.Бөкейхан мен заңгер А.Бірімжанов белсенділік көрсетті. Бірақ депутат-қазақтар Қазақстандағы күрделі жағдайға байланысты (1906 жылғы ақпанда бүкіл Дала өлкесі бойынша төтенше жағдай жарияланды) уақытында келе алмады. Сайлау мұнда кешігіп өткізілді, ал Жетісу және Сырдария облыстарында ол кейінге қалдырылды. Думаға А.Қалменұлы мен А.Бірімжанов 1906 жылғы шілденің ортасында ғана келді, ал Ә.Бөкейхан Петербургке Думаны таратуға бірнеше күн қалғанда ғана жетті. Соған қарамастан А.Бірімжанов аграрлық мәселе жөніндегі ескертпелерін білдіріп, ал Ә.Бөкейхан Выборг үндеуіне қол қойып үлгерді. Қазақ депутаттары өз мүмкіндіктеріне қарай Думаның мұсылман фракциясына қатысты. Мұсылман фракциясындағы басқа депутаттармен бірге олар жер реформасының Қазақстанға қатысты мәселелерін көтерді. Әлихан Бөкейхан "Мен кадет партиясынан неге шықтым?" деген ашық хатында өз ойын былай білдірген: "Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді" [5].

Қазақстандағы аграрлық жағдайды тереңірек зерделеген зерттеушілердің бірі – Т. Седельников. Ол өлкедегі жер мәселесіне байланысты көзқарастарын нақты әрі дәлелді түрде білдіруге ұмтылды. Өз еңбектерінде атап өткендей, жеті жыл бойы қазақ даласындағы аграрлық үдерістермен жан-жақты әрі мұқият танысуы оған бұл мәселені терең түсінуге мүмкіндік берді. Седельников өзінің еңбегінде көрнекті аграршы әрі ресми саясатты жақтаушы А. Кауфманның көзқарастары мен тұжырымдарын сын тезіне алады. Оның пайымынша, қазақ жерлерін қоныс аударушылар үшін заңсыз иемденуге белсене атсалысқан Ф. А. Щербина мен А. Кауфман сынды отаршыл "зерттеушілер" қазақ халқының шынайы қажеттіліктері мен отырықшы егіншілікке көшу үдерістерін

“көшпелі өмір салтының табиғи ерекшеліктері” деген сылтаумен ыңғайлы түрде айналып өтіп отырған. Бұл – патша өкіметінің шынайы реформалық әрекеттен гөрі, формалды-үстірт шешімдер арқылы даланы ресейлік қоныстанушыларға тез әрі тиімді игеріп беруін көздеген саясатының көрінісі болатын. Сондықтан Седельников Қазақстандағы жерге иелік ету және оны пайдалану мәселесін нақты заң нормаларымен реттеудің қажеттілігін алға тартты. Ол бұл ретте табиғи-тарихи қалыптасқан жер қатынастарын ескеру қажеттігін ерекше атап өтті.

1907 жылдың ақпанынан маусымына дейін жұмыс жасаған II Мемлекеттік Думада қазақ даласындағы жер мәселесін батыл көтерген тұлғалардың бірі – депутат Б.Қаратаев болды [4, 52].

Осы сөздердің маңызын В. И. Лениннің өзі де жоққа шығармады. Ол өзінің “Социал-демократияның 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы” атты еңбегінде “екінші қатардағы шешендердің” пікірлеріне толық тоқталмағанымен, Б. Қаратаевтың сөзін мысал ретінде арнайы келтіріп, оның көтерген мәселесінің өзектілігін мойындайды. Б.Қаратаевтың қырғыз-қайсақ халқы атынан сөйлеген сөзін дәлме-дәл келтіріп: “Біз шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және разылықпен ығысып, орын беруге әзірміз... Бірақ бос жер жоқтың қасы, ал қоныстандыру үдерісі қазақтарды жерімен қоса үйінен де қуып шығумен қатар жүргізіліп жатыр” – деген үзіндіні мысал етеді. Оның пікірінше, мұндай мәлімдемелер шындықты тікелей ашып көрсетіп, отарлық жүйенің шынайы бейнесін ашып берген [6, 61].

Б. Қаратаевтың бұл сөздері қазақ даласындағы ахуалдың ғана емес, Ресей империясының отарланған барлық халықтарының жағдайының көрінісі іспетті болды. Оның Дума мінберінен айтқан шындығы отарлық биліктің озбыр саясатына қарсы интеллектуалды қарсылықтың бір көрінісі еді. Бұл – оның терең саяси білімінің, ұлтқа деген адалдығы мен азаматтық ұстанымының айқын дәлелі.

Алайда кейін билікке келген большевиктер де бұл мәселені елемеуге тырысты. Олардың Қазақстандағы жер саясаты нақты әрі әділ шешім табудың орнына, уақыт өте келе қайшылықтарға, ашаршылыққа және халық наразылығына ұласты. Аграрлық реформаға байланысты пікір айтқан, күрес жүргізген көптеген қазақ қайраткерлері кеңестік биліктің қуғын-сүргін машинасының құрбанына айналды. Осылайша, жер мәселесі тек экономикалық немесе саяси дағдарыстың ғана емес, сонымен бірге ұлттық апаттың да бастауы болды.

II Мемлекеттік Дума жұмысына белсенді араласқан тұлғалардың бірі – Орал облысынан сайланған депутат Бородин де аграрлық комиссия мүшелерінің санын арттыру туралы мәселе көтеріп, Әлихан Бөкейхан және өзге де қазақ депутаттарымен тығыз байланыста жұмыс істегені тарихтан белгілі [7].

Үшінші Мемлекеттік дума елдің сәтсіз орыс-жапон соғысынан кейін қорғаныс қабілетін нығайтуды, сондай-ақ қоғам өмірінің барлық салаларында ішкі тәртіп пен заңдылықты қалпына келтіруді өзінің басты міндеттері деп санады. Бұл кезеңде Дума премьер-министр П.А. Столыпин ұсынған «ағартылған авторитаризм» бағытын қолдап, мемлекеттік билікті реформалау ісін эволюциялық жолмен жүзеге асыруды көздеді [8, 74].

1912 жылдың желтоқсанында IV Мемлекеттік дума үкіметті 1905 жылғы 17 қазандағы Манифест ережелерін нақты іске асыруға шақыратын формуланы қабылдады. Осыған байланысты кадеттер фракциясы ар-ождан бостандығы, баспасөз еркіндігі, одақтар құру, жеке тұлғаның қол сұғылмаушылығы және жалпыға бірдей сайлау құқығын енгізуді көздеген заң жобаларының кешенін ұсынды. Дегенмен парламенттің елді саяси модернизациялау жолындағы бұл әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Бұған билік

құрылымдарының реформаларға дайын еместігі, басқару жүйесінің дәрменсіздігі және Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы елеулі ықпал етті [9, 63–66].

Үкімет пен Дума арасындағы қайшылықтар 1915 жылы шегіне жетіп, Николай II сол жылдың 16 қыркүйегінде сессияны жабу туралы бұйрық шығарды, бұл шешім «Негізгі заңдардың» рухына қайшы келмейтіндей етіп рәсімделді. 1916 жылдың басында патша билігі Думамен ымыраға келуге тырысып, премьер-министр И. Л. Горемыкинді қызметтен босатты, ал ақпан айында Николай II-нің өзі Дума отырысына қатысып, қысқаша сөз сөйледі. Майдандағы уақытша әскери табыстар, әсіресе Брусилов серпілісі, Думаның кезекті сессиясын салыстырмалы түрде тыныш аяқтауға мүмкіндік берді. Алайда 1916 жылдың күзінде Дума қайта жиналған кезде елдегі әлеуметтік-саяси ахуал күрт ушығып, дағдарыстық сипат алды. Осы тұста П. В. Милуков өз сөзінде үкімет саясатын “ақымақтық немесе опасыздық” деп бағалап, билікке деген сенімнің толық әлсірегенін ашық мәлімдеді [10, 79].

**Қорытынды.** Қазақ даласындағы жер мәселесі – Ресей империясының отарлық саясатының ең күрделі әрі қазақ қоғамының саяси санасының оянуына тікелей ықпал еткен тарихи факторлардың бірі болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүргізілген әкімшілік-аумақтық реформалар, жерді қазыналық меншік деп жариялау, жерді тек уақытша пайдалану құқығын беру сияқты заңнамалық өзгерістердің барлығы қазақ халқын өз ата-қонысынан шеттетіп, шаруашылық-экономикалық құрылымын күйретуге бағытталды.

Аграрлық саясаттың шарықтау шегі XX ғасырдың басындағы көші-қон саясаты арқылы жүзеге асты. Империялық билік қазақ жерін орыс шаруаларына бөліп беруді мақсат тұтып, оны заңдастыру үшін арнайы мекемелер құрды. Нәтижесінде қазақ халқы шұрайлы, құнарлы өңірлерден ығыстырылып, мал шаруашылығына қолайсыз аймақтарға тәуелді күйге түсті. Қазақтың дәстүрлі жер қатынастары ескерусіз қалды, ал биліктің күштік құрылымдары қоныстандыру процесін қарсылықсыз жүзеге асырудың құралына айналды.

Мемлекеттік Думада қазақ өкілдерінің, әсіресе Б.Қаратаевтың аграрлық мәселеге байланысты ашық әрі батыл сөздері – бұл мәселенің мемлекеттік деңгейге көтерілгенін және отарлық жүйенің мәнін әшкерелеуге бағытталған алғашқы талпыныстардың бірі болды. Оның пікірлерін В.И.Лениннің өзі тарихи еңбегінде мысал ретінде келтіріп, маңызын мойындауы – қазақ халқының шынайы жағдайының ресейлік саяси элита назарынан тыс қалмағанын аңғартады.

Алайда, кейінгі кезеңдегі большевиктік биліктің жер саясаты да қазақ мүддесіне сай келмеді. Керісінше, жаппай ұжымдастыру мен жерден күштеп ажырату, азық-түлік салғырты және қуғын-сүргіндер қазақ қоғамына орны толмас зардап әкелді. Алаш қайраткерлерінің қуғындалуы, саяси көзқарасы үшін жазалануы – аграрлық мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан көтерген тұлғаларға жасалған саяси қысымның көрінісі болды.

Қорыта айтқанда, жер мәселесі – қазақ халқының отарлық тәуелділік жағдайындағы әлеуметтік, саяси және ұлттық тағдырын айқындаған басты факторлардың бірі. Бұл мәселенің Мемлекеттік Думада көтерілуі – қазақ зиялыларының саяси күреске белсене араласуының, ұлт мүддесін қорғауға деген тарихи жауапкершілігінің айғағы. Жерге қатысты күрес – тек жер үшін ғана емес, ұлттық болмыс, егемендік және еркіндік үшін күрес болғанын тарих дәлелдеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аллаберген, Қ., Нұсқабайұлы, Ж. Алты алаштың ардақтылары [Текст] / Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы. – Алматы, 1994. – 112 б.

- 2 Акқұлыұлы, С., Қамзабекұлы, Д. І-ші Мемлекеттік Дума және оған мүше болған қазақтар [Текст] / С. Акқұлыұлы, Д. Қамзабекұлы // Ана тілі, 1993. – 4 ақпан.
- 3 Озғанбай, Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–1917 жж.) [Текст]: монография / Ө. Озғанбай. – Алматы, 1997. – 460 б.
- 4 Озғанбаев, Ө. Қазақ депутаттары І және ІІ Мемлекеттік Дума жұмысына қатысуы [Текст] / Ө. Озғанбаев // Дәуір бел-белестерінде. – Алматы, 1996. – С. 32–62.
- 5 Бөкейхан, Ғ., Байтұрсынұлы, А. «Алаш» партиясының программасының жобасы [Текст] / Ғ. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы // Қазақ, 1917. – 21 қараша. – № 251. – Орынбор. – 1 б. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/1132>
- 6 Озғанбаев, Ө. Патшалық Ресей Думасындағы қазақтар [Текст] / Ө. Озғанбаев // Егемен Қазақстан, 1996. – 24 сәуір. Қозыбаев, М. Ақтаңдақтар ақиқаты [Текст] / М. Қозыбаев. – Алматы, 1992. – 272 б.
- 7 Ненужное генерал-губернаторство [Текст] // Сибирские вопросы, 1908. – №№ 45–46. – СПб. – URL: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/530>
- 8 Корелин, А.П. Политическая система Российской империи начала XX века [Текст] / А.П. Корелин. – М.: Наука, 2004. – 320 с.
- 9 Миллюков, П.Н. История второй русской революции [Текст] / П.Н. Миллюков. – М.: Республика, 1991. – 528 с.
- 10 Миронов, Б.Н. Социальная история России. Т. 2 [Текст] / Б.Н. Миронов. – СПб.: Дмитрий Буланин, 2003. – 640 с.

#### REFERENCES

- 1 Allabergen, K., Nuskabaiuly, Zh. Alty alashynyn ardaytlary [The Esteemed Figures of Alash]. Almaty, (1994): 112 b. – (In Kaz)
- 2 Akkulyuly, S., Kamzabekuly, D. I-shi Memlekettik Duma zhane onga mushe bolgan kazakhtar [The First State Duma and the Kazakhs Who Were Its Members]. Ana tili, 4 aqpan (1993). – (In Kaz)
- 3 Ozganbai, O. Resey Memlekettik Dumasy zhane Kazakhstan (1905–1917) [The Russian State Duma and Kazakhstan (1905–1917)]. Almaty, (1997): 460 b. – (In Kaz)
- 4 Ozganbaev, O. Kazakh deputattary I zhane II Memlekettik Duma zhumysyna katysuy [Participation of Kazakh Deputies in the Work of the First and Second State Dumas]. In: Daur bel-belesterinde. Almaty, (1996): 32–62. – (In Kaz)
- 5 Bokeikhan, G., Baitursynuly, A. “Alash” partiyasynyn programmasynyn zhobasy [Draft Program of the “Alash” Party]. Kazakh, No. 251, 21 karasha. Orynbor, (1917): 1 b. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/1132> – (In Kaz)
- 6 Ozganbaev, O. Patshalyk Resey Dumasyndagy kazakhtar [Kazakhs in the Tsarist Russian Duma]. Egemen Kazakhstan, 24 sauir (1996). Kozybaev, M. Aktandaktar akykaty [The Truth of the Blank Spots in History]. Almaty, (1992): 272 b. – (In Kaz)
- 7 Nenuzhnoe general-gubernatorstvo [An Unnecessary Governor-Generalship]. Sibirskie voprosy, No. 45–46. St. Petersburg, (1908). URL: <https://mysl.kazgazeta.kz/news/530> – (In Rus)
- 8 Korelin, A.P. Politicheskaya sistema Rossiyskoy imperii nachala XX veka [The Political System of the Russian Empire at the Beginning of the 20th Century]. Moscow: Nauka, (2004): 320 p. – (In Rus)
- 9 Milyukov, P.N. Istoriya vtoroy russkoy revolyutsii [History of the Second Russian Revolution]. Moscow: Respublika, (1991): 528 p. – (In Rus)
- 10 Mironov, B.N. Sotsialnaya istoriya Rossii. Vol. 2 [Social History of Russia. Vol. 2]. St. Petersburg: Dmitriy Bulanin, (2003): 640 p. – (In Rus)